



ISSN 2078-8134

Ғылыми және көркем-әдеби журнал

Лируен

6 (51) 2016



Уразалиев Р.С. Педагогические процессы в современном отечественном исполнительстве (на примере методики обучения на кларнете)	129
Хинков-Айтбаева Н.Б. Актуальные проблемы современной педагогики в Казахстане в аспекте идей АНК	134

Халықаралық әдеби байланыстар

Ананьева С.В. Dostoevsky day UK	139
Метляева М. Перевод как часть литературного процесса в теоретической мысли Западной и Восточной Европы	145

Мерейтойлар

Қорабай С.С. Мұқан Иманжановтың суреткерлік сыры.....	153
Орда Г.Ж. Баубек Бұлқышев шығармаларындағы өршілдік рух	161

Интервью

«Художественный перевод как диалог с культурами...»..	170
---	-----

Институт жылнамасы 2016

Институттың 2016 жылы өткізген іс-шаралары	176
Институттан жарық көрген кітаптар тізімі.....	178

БАУБЕК БҰЛҚЫШЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨРШІЛДІК РУХ

Ақын, жазушы, публицист, ержүрек жауынгер Баубек Бұлқышев есімі әдетте, Ұлы Отан соғысымен қатар аталады. Ұлы Отан соғысын айтсақ Баубекті, Баубек десек Ұлы Отан соғысын еске алатынымыздың өзіндік бірнеше себептері бар. Сұрапыл соғыс Кеңестер Одағымен бірге қазақ халқына да үлкен сын болды. Қазақ елі бұл сыннан сүрінбей өтті. Бұл жылдары қазақтың атын асқақтатқан батырлар мен ақындардың қатарында Баубектің де есімі құрметпен аталатыны сондықтан.

Баубек Бұлқышев әдебиетке отызыншы жылдардың соңына таман келгенмен, оның жалынды журналист ретінде танылған тұсы – сұрапыл жылдар. Оның көптеген өлеңдері оған дейін республикалық баспасөз бетінде жарияланды. Алайда қаламгердің қаламынан туған әр жанрдағы шығармаларды қарап отырғанда олардың негізгі өзегі бір арнада тоғысып, негізгі оқиғалардың лирикалық кейіпкердің төңірегінде жүріп жататынын аңғаруға болады. Әр қаламгер өзі өмір сүрген дәуірдің көркем бейнесін жасайтын болса, Баубек те өз қоғамының шындығын шығармаларына арқау етті.

«Ақынымын елімнің, Тілімнің жүйрік желі бар. Еркесімін елімнің, Кеудемде жырдың кені бар», – дейтін ақын Ұлы Отан соғысына дейін шағын өлеңдерімен көрінді. Абай, Жамбыл, А.Пушкин, А.Крылов, А.Барто, Т.Шевченко, А.Твардовский, В.Маяковский тәрізді классиктерден үйренген ақын өлеңдерінің өзіндік айтары бар. «Қайран ана» өлеңінде анасымен сырласқан лирикалық кейіпкер енді бірде сүйгенін іздеп шарқ ұрады («Ғашығым»). Баубек те өз замандастары тәрізді озат оқушы, үлгілі пионер болды. «Пионер, алға!» өлеңінде:

Арыстандай айбатты,

жас пионер,

Ұмтыл алға, қарышта,

жайнап жігер [1, 283], –

деп, жас өрендерді Отанды жаудан қорғауға шақырады. «Оқушы жыры», «Ер жеткенде», «Сабағымды бітірдім», «Медальді овчарка», «Қыран» өлеңдерінде елінің жеткен жетістігін мақтан еткен лирикалық кейіпкерде қуаныш, шаттық басым болса, «Құтты қонақ» толғауында елінің жер асты, жер үсті байлығын мақтан етеді.

«Кәдір түн» өлені бір қарағанда шала молдаларды сынға алған сыншыл өлең тәрізді, бірақ автор сол арқылы көп мәселені көтерген. Оның біріншісі – иманды адамның ұжмаққа баратыны, екіншісі – ораза, намаздың тоқтықта екендігі, үшіншісі – кәдір түнін күзетіп түнімен ұйықтамай, таңның атуын күткен қазақ халқының дінге деген сенімінің беріктігі, төртіншісі – халықтың аш-жалаңаш күйі. Сол тұстағы бұқара халықтың әлеуметтік жағдайын ақын:

Ауыз берік, сондықтан,

Пәлен күн дәм татпадық.

Жалаңашпыз, ашпыз біз,

Нан жоқ бізде татарлық [1, 304], – деп бейнелейді.

Көріп отырғанымыздай, халықтың аузы отыз күн ғана ораза емес, оларда оразаларын ашатын ештеңе жоқ. Осы жолдар XX ғасырдың жиырмасыншы және отызыншы жылдарындағы жаппай ашаршылықтан хабар беріп тұрғаны жасырын емес. Ақынның шағын жанрдағы өлең, толғауларына бейбіт өмір тіршілігімен қатар сұрапыл жылдар оқиғалары да арқау болған. Оны «Балтық жағасында», «Жолаушы сыры», «Еврей қызы», «Жаңа дүние», «Зарымды ашсам деп ем дүниеге», «Жүріп келе жатырмын», «О, ерлер-ау, ерлер-ау!», «Көз алдымда» тәрізді майдан жырларынан көруге болады. Ақынның осы өлеңдерінде өршілдік рухпен бірге қазақ деген ұғым басым. «Балтық жағасында» өлеңіндегі:

Қазақпын – жас жолбарыс жиырмадағы,
Мекенім – ұлы өмірдің иран бағы.
Бірімін – Балтық барған жауынгердің,
Босатқан бауырларды бұғаудағы [1, 306], –

деген жолдарды оқып отырғанда Кеңестер одағының құрамындағы елдер өздерін кеңес халқы деп қана атайтыны, ол кезде ұлтын айтқанның «ұлтшыл» атанғаны ойға оралады. Ақынның «Қазақпын» деп жар салуы жиырмасыншы жылдардағы «қазақпын» дегені үшін «халық жауы» атанған Мағжан Жұмабаевтардың жырларын еске түсіріп қана қоймай, ұлттық поэзиядағы дәстүр жалғастығын танытады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ж.Жабаевтың жыр толғаулары «Правда», «Известия» газеттерімен бірге майдан, облыс, аудан газеттерінде үздіксіз жарияланып, қазақ атын көкке шығарса, осы тұста қазақтың тағы бір бала қыраны саңқ етті. «Комсомолская правдада» жарияланған Баубек Бұлқышевтің «Өлім мен өмір туралы», «Тыңда, Кавказ!», «Мен өмір сүргім келеді», «Жауыздық пен махаббат» атты шағын туындылары бүкіл Кеңестер Одағын еріксіз өзіне қаратты.

Жамбылдың отты жырларын қара сөзбен жалғастырған Б.Бұлқышев: «Жаралы орыс жері, сенің топырағыңды басып, жүріп келемін. Сен жаралысың. Бірақ қатардан шығып қалған жоқсың. Сен өз халқыңа еңбек сіңірудесің. Бұл қанды майданда сенің көрмегенің бар ма? Саған атылмаған оқ, лақтырылмаған бомбы аз-ақ шығар. Жаратылыстың бір мүшесі – тал-қайыңдарды қараңдаршы, олар да қайғылы», – деп, Жер – Ананың жарақатын жан-тәнімен сезіне білген автор «О, жастар! О, құрбылар! Біздің заман таласта. Үлкен қауіп біздің алдымызда. Бірақ біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз. Заман біздікі. Өз заманымыз үшін жан пиде...

Жастар, өзіміздің заман үшін, өзіміздің жер үшін жауға оқ атайық! Заман біздікі!» [1, 30-33], – деп жар салды. Оның бұл үні бүкіл кеңес жастарына күш-қуат берді. Өмір мен

алы» тебірене отырып, содан түйгенін «Өмір мен шығармасында жеткізе білген Баубек «өмірге келіп, адам күйінде қайтуды» мақсат етті.

Қаламынан туған осындай ойлы да мәнді туындылар тұстағы Кеңес жауынгерлеріне, бүкіл жастарға рух берді. Қаламгердің осындай жалынды шығармалары жөнінде: «Бар жастық күшін, творчестволық күшін тек бір-ақ міндетке – жауды қасиетті жерімізден қорғауға, Отанға төнген қауіпті жоюға бағытталған жастарының жалынды, қаһарман бейнесі жауынгер жазушы Бұлқышевтың публицистикалық әңгіме-очеркінде көрінді. Жас жазушының шығармалары көп болмаса да, қалам тәжірибесінің өзі-ақ оқушысына зор ой сатпашылдық сезім тудыратын дәрежеге көтерілді» [2, 374] дейді қаһарлы жылдар әдебиетін зерттеген ғалымдар Арбаев пен Ә.Нарымбетов.

Бұлқышевтің әңгімелері мен публицистикалық шығармалары ескелең ұрпақты ерлікке, батылдыққа, адалдыққа, кіршіксіз махаббатқа баулыттыны анық. Осыған да оның отты жылдарда қан кешіп жүріп жазған шығармалары қаһарлы күндер әдебиетінің негізгі өзегі болып табылады.

Бұлқышев майданда жүргенде шағын жанрдағы шығармалармен шектелмей, кең құлашты эпикалық шығармалар да жазды. Майданда жүрген жауынгердің заңдылығын Мұқан Иманжановқа жазған хаттарының ішінде: «...жаман болсын, «Айсұлу» көрнекті тұңғыш еңбегім болмаса, журналда бір үзінді де басылмады-ау» (374) - деген кеудесін керген ащы өксігі көзге түседі. Осылайша Отын соғысына дейін республикалық газет-журналдарда шағын өлеңдері басылып жүрген ақынның шығармаларының мерзімді баспасөзде жарияланбағанына да осы дәлел болғаны. Ендеше авторын көп алаңдатқан осы кезеңдегі шығармаларының үңіліп көрелік.

«Айсұлу» поэмасы тау ішінде зар еңіреп мұңға батқан

қыздың түн қараңғысындағы қорқыныш билеген аянышты күйінен басталады. Ұлытауда өткен оқиғаны ақын былай бейнелейді:

Меңіреу тау ұзын-ырға сұлап жатты,

Аққан су тау қырынан құлап жатты.

Зарлы ән шың-құзында жаңғырығып,

Тау іші бір қайғылы мұңға батты [1, 326].

Табиғат пен адамды біртұтас бірлікте бейнелеген ақын перзентінің көз жасына шыдай алмаған табиғат-ананың бұрқ-сарқ етіп долданып, жер дүниені қара түнек қаптатып, нөсерлетіп жаңбыр жабуымен ұштастырса, бір сәтте тына қалғанын «Табиғат тыпа-тыныш бола қалды, Самал жел сипап қана қайың, талды» деп бейнелейді. Ал поэма соңында қолында наған ұстаған қарақшының Айсұлуды өлтіруге келе жатқанын былай суреттеген:

Жеркенді бәйтеректер тыжырынды,

Жапырақ сылаң қақпай жиырылды.

Әсем жел әуенімен сыбырласпай,

Қабак түйіп, торғын түн тыжырынды [1, 365].

Ақын жыртықшықа толы тау ішінде жалғыз қалған жетім қыздың хал-жағдайымен бірге «Аш сырын аштық дәмін татқан білед, Шерленген жетім сырын жетім білмек» деп, жалпы жетім-жесірлердің жай-күйінен хабар береді. Үңгірдің ішінде қасқырмен бетпе-бет келген жас қыздың екі аяқты жыртықшытардан қашып, төрт аяқты жыртықшықа тап болғаны, дорбаға жас сұлудың кесілген басын алып келген қарақшылардың әрекеті екі аяқты жыртықшытардың істері арқылы әшкерелеген:

Сырға үшін қанжар жұмсап жас сұлуға,

Ағызған қара көзден қанды жасын.

Адамның айуаны қаны тасып,

Үңгірге кіріп келді дабырласып [1, 333]

Үңгір ішіндегі ысылдаған жылан мен аш қасқырдан қорқып отырған қыз жас сұлудың құлағындағы сырғасы үшін жарын бауыздап, өзінің басын кесіп алып кеткен

қарақшылардың бір құлақтағы сырғаның түсіп қалғанына жанжалдасып жатқанын көріп, үңгірден еппен сытылып шығып, зыта жөнеледі. Автор екі қарақшының жылан мен қасқырға тап болуымен, қанішерлердің жыртқыштарға жем болуымен адамзат баласына қолмен жасаған жауыздықтың өтемі болатынын ескертеді.

Осындай оқиғадан кейін лирикалық шегініс жасалып, Айсұлудың мүшкіл күйге қандай себеппен душар болғаны, Қазан төңкерісінен кейінгі дүрліккен ел мен сол сәтті жеке басының мүддесіне пайдаланған қарақшылардың іс-әрекеті суреттеледі. Жалғыз үй отырған Ахмет шалды өлтіріп, қызы Айсұлуды тартып әкеткен қарақшы Халелдің сарбаздары қолға түсіп, атыс-шабыс кезінде Айсұлу тауға қашып кетеді.

Кейінгі бөлімдерде Қазақстанда Кеңес өкіметі орнауы, жетім-жесірге жаңа өкіметтің қамқор болуы, жастардың өнер-білімге ұмтылуы, жаңа өкіметке зиянкестердің кедергі жасап, олардың әрбір жаңалыққа қарсы тұруы жан-жақты бейнеленген.

Ақын поэмадағы Айсұлу, Айман, Сара арасындағы достықты, жас химик Жұмаділда мен Халелдің баласы арасындағы тартысты ескі мен жаңаның күресін көрсету үшін алған. Поэма соңындағы табиғаты нәзік екі қыздың қарулы жігітті жайратып салуы – жас кеңес өкіметінің аяғынан шалған қаскөйлерді біржола жеңгенінен хабар берер көркемдік штрих. Поэманың көтерген мәселесі, көркемдік қуаты отызыншы-қырқыншы жылдардағы қазақ поэмаларының көркемдік деңгейінен ешқандай кемдігі жоқ. Баубек те өзі өмір сүрген қоғамның шындығын боямасыз, сол қалпында шынайы бейнелей білді. Бір топ жастардың ішінде бір ғана Халел баласының кек жолында жүруі, қалғандардың отанға адал қызмет жасауы сол тұстағы қазақ жастарының алдына қойған мақсат-міндеттерін ашуға қызмет етеді. Кейіпкерлердің қилы тағдыры «Жалғыздың үні шықпайтынына», «Көптің батыратынына» сендірген. Бұл поэмада XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы

ел, қоғам өмірі негізгі кейіпкер Айсұлу төңірегіне топтастырылса, отызыншы жылдардағы қазақ жастарының үлкен қалалардан білім алуы, олардың өмір тіршілігі «Алматылықтар» романына негіз болды. Осы романнан сол тұстағы қазақ жастары мен қоғам өмірінен біраз мағлұмат алуға мүмкіндік бар.

1941-1942 жылдары жазған қолжазбасын автор М.Иманжановқа жіберіп отырып, былай депті: «Мен мына «Алматылықтардың» бірінші бөлімін саған жіберіп отырмын. Әрине, жазып шықтым. Қайтып оқып та шыққаным жоқ. Сенде жоғалмайды ғой деп жіберіп отырмын... Тіліне де қарағаным жоқ, өмір болса кейін жөндей жатармыз деп... Соңғы жағында асығып кеттім, тез бітірдім, солай болу дұрыс па деп өзімше. Бірақ тым тез...» [1, 235].

Майданнан жіберілген 200 беттік қолжазбаны оқып отырғанда автордың негізгі мақсатына жете алмай кеткенін байқауға болады. Ол жөнінде М.Иманжанов осы шығармаға берген түсінігінде: «Автордың негізгі ойы – армиядағы қазақ жауынгерінің өсу жолын, тәрбиеленуін, зор ерлікке көтерілуін баяндау, ұлттар достығын, оның ұрыстағы тамаша жеңісін айту, советтік патриотизмнің сарқылмас күшін көрсету, жоғары идеялы жаңа адамдардың – социализм күресшілерінің жарқын бейнесін жасау» [1, 236], –деген еді. Роман авторы қан майданда от кешіп жүргендіктен шығарма аяқталмай қалған. Алайда Ғазиздің әскердегі алғашқы жылдарымен аяқталған үзіндінің өзінен де көп сырды аңғаруға болады. Ендеше қолжазбаға үңіліп көрелік.

Аталған романнан көзге түсетін бірінші мәселе – әскер қатарында жүрген қазақ жігіттерінің Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілігі арқылы туған жерге деген махаббатты көрсету. Оны Ресей жерінде әскери борышын өтеген, сол жердегі сұрапыл соғысқа алғашқылардың бірі болып араласқан роман авторының туған жерге деген зор құрметінен көруге болады: «Пай-пай, неге ғана жұрт Алматыны сұрамайды, неге ғана Алатаудың сұлулығын маған

айтқызбайды?! Мен күні-түні өзімнің Алматым, Алатауым туралы жалықпай әңгімелер едім. Жұрттың көбінің сұрайтыны – атақты Москва, батыр Ленинград, жаралы Ростов, талықсыған, қайғылы Киев» [1, 141]. Бір қарағанда, бұл үзінді туған жер туралы үзік сыр ретінде қабылдануы мүмкін. Бірақ автордың айтары арыда. Ол не? Ол – осы аталған қалалар мен Кеңестер одағының астанасын жаудан қорғауда алматылықтардың жанкешті ерлік көрсетуі. Автор Жамбылды да тегін айтып отырған жоқ. Осындай әсем де асқақ Алатаудың баурайында өскен жыр алыбының Ленинградты кеңес жауынгерлерінен кем қорғамағаны елге мәлім. Осылайша жазушы әсем де ару қала Алматы арқылы алматылықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлігін паш етіп отыр.

Екінші – Ғазиз, Шәңгерей тәрізді қазақ жастарының уақытты үнемді пайдаланып өнер-білімге ден қоюы, әлем классиктерін іздеп оқуы, олардан үйренуі, оқығандарын бойларына тоқуы.

Үшінші – күні бүгінге дейін Қазақстанның астанасындағы (Астана, Алматы қалаларындағы) шешімін таппай келе жатқан баспана мәселесі. Қазақ жастарының кірмелерге жалданып, тапқан нәпақаларын ауыздарынан жырып соларға беріп отыратыны өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ғана емес, ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған егемен қазақ елінің өзекті мәселелерінің бірі болып отыруы.

Төртінші – адам баласын ұлтына, нәсіліне қарап бөлуге болмайтындығын Ғазизды құлай сүйген орыс қызы Лида мен сүйген жары Гүл арасындағы жер мен көктей айырмашылықтан байқауға негіз бар. Оны Гүлдің үйде жалғыз қалған енесін ойламауы мен Лиданың Баубекті көргенде анасын сұрауы растайды. Сол тәрізді Терехин мен Ғазиз де бір-біріне ұқсамайтын, мүлде бөтен жандар. Кейіпкерлер арасындағы осындай алшақтықты олардың өскен ортасы мен алған тәлім-тәрбиесінен табуға мүмкіндік мол. Лида мен Гүл, Ғазиз бен Терехин арасындағы

айырмашылық «Адам аласы ішінде» деген халық даналығын және бір қырынан растап тұрғаны анық.

Бесінші – отан қорғау жолында ұқыпты, мәдениетті, тәртіпті Ғазиз бен Қожақтың Қызыл Армия күнінде үздіктер қатарына ілігуі – жауынгер қазақ халқының бүгінгі таңдағы өр ұландары ретінде суреттелуі. Сонымен бірге автор жауынгерлер арасындағы қарым-қатынаспен кеңес халықтарының достығын да жадында ұстап отырған.

Қорыта айтқанда, Баубек Бұлқышев өлең, поэма, әңгіме, роман, мақала, хаттарында өзі өмір сүрген қоғамның жанды картинасын жасады. Ол жалынды журналист, ержүрек батыр ретінде қазақ халқының тарихында қалды. Олай болса, жалпыадамдық мәселелерді көтеріп, мәңгілік мұраттарды шығармаларына арқау еткен Баубек өзі құлай сүйген қазағымен бірге мәңгілік жасай бермек. Оның бір мысалы – Б.Бұлқышев туралы әдебиеттанушы ғалымдардың әр дәуірде, әр қоғамда жазып келе жатқандығы. Қаһарлы жылдар әдебиетін зерттеген М.Базарбаев пен Ә.Нарымбетов зерттеулеріне негіз болған қаламгер шығармалары Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан шыққан «Майдангер қаламгерлер» атты жинаққа енгені осыны байқатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұлқышев Б. Заман біздікі: Публицистика, хаттар, роман, өлең-поэмалар мен естеліктер. – Алматы: Жалын, 1990. – 509 б.
2. Базарбаев М., Нарымбетов Ә. Қаһарлы күндер әдебиеті. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 84 б.